

**ЖШС «Әнел» балабақшасы**

**№2 педагогикалық кеңес**

**Қоянды 2025 ж**

**Өткізу күні: 10.01.2025 ж**

**Өткізу орны: «Әнел» балабақшасы.**

**Қатысқандар:8**

**Төрайымы:Ж.П Саменова**

**Хатшы:М.К Дуйсенбаева**

**Тақырыбы:**

«Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын қалыптастыру»

**Мақсаты:**

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ойын технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдарын қарастыру.

**Міндеттері:**

- Ойын технологияларының тиімді әдістерін талдау;
- Тәрбиешілердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
- Балалардың тілін дамытудағы дидактикалық ойындардың маңызын анықтау;
- Инновациялық педагогикалық әдістерді тәжірибеге енгізу.

**КҮН ТӘРТІБІ**

**1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы**

Баяндамашы: әдіскер

**2. Баяндама:**

«Ойын технологиялары – мектепке дейінгі ұйымдағы тиімді оқыту құралы»

Баяндамашы: әдіскер

**3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысы**

Тыңдалады: тәрбиешілер

4. «Дидактикалық ойындардың бала тілін дамытудағы рөлі»

Тәжірибе алмасу

5. Шеберлік сағаты:

«Заманауи ойын технологияларын қолдану жолдары»

6. Қаулы қабылда

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ БАРЫСЫ**

### **1-МӘСЕЛЕ**

Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды:

Әдіскер өткен педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалу деңгейімен таныстырды. Тәрбиешілердің оқу қызметтерінде инновациялық әдістерді қолдану белсенділігі айтылды.

### **2-МӘСЕЛЕ**

«Ойын технологиялары – мектепке дейінгі ұйымдағы тиімді оқыту құралы»

Мектепке дейінгі кезең — баланың жеке тұлға болып қалыптасуының маңызды кезеңі. Осы уақытта бала қоршаған ортаны ойын арқылы таниды. Сондықтан ойын — тәрбиенің, оқытудың және дамытудың негізгі құралы.

Ойын барысында бала:

- қарым-қатынас жасайды;
- ойлау қабілетін дамытады;
- сөйлеу мәдениетін қалыптастырады;
- шығармашылық қабілетін жетілдіреді;
- ережені сақтауға үйренеді.

Балабақшада қолданылатын ойын түрлері:

- дидактикалық ойындар;
- сюжеттік-рөлдік ойындар;
- қимылды ойындар;
- логикалық ойындар;

- ұлттық ойындар.

Дидактикалық ойындар балалардың есте сақтау, салыстыру, талдау қабілеттерін дамытады. Ал сюжеттік ойындар арқылы балалар мамандықтармен танысып, әлеуметтік ортаға бейімделеді.

Қазіргі таңда педагогтер:

- АКТ технологияларын;
- интерактивті ойындарды;
- STEAM элементтерін;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдануда.

Ойын технологияларын жүйелі пайдалану балалардың оқу қызметіне қызығушылығын арттырады.

### **3-МӘСЕЛЕ**

#### **Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы**

Тәрбиешілер өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша талдау жасады.

Қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігі айтылды. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде болғаны атап өтілді.

### **4-МӘСЕЛЕ**

#### **ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ**

#### **«Дидактикалық ойындардың бала тілін дамытудағы рөлі»**

Тәрбиешілер келесі ойын түрлерімен бөлісті:

- «Суретті тап»
- «Кім жылдам?»
- «Артық затты ата»
- «Сиқырлы қапшық»
- «Дыбысты ажырат»

Бұл ойындар балалардың:

- сөздік қорын;
- дыбысты дұрыс айтуын;

- байланыстырып сөйлеуін дамытуға ықпал етеді.

## **5-МӘСЕЛЕ**

### **ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ**

#### **«Заманауи ойын технологияларын қолдану жолдары»**

Тәрбиешілер практикалық түрде:

- QR ойындар;
- интерактивті тапсырмалар;
- сенсорлық ойындар;
- құм терапиясы элементтерін көрсетті.

## **ҚАУЛЫ**

Педагогикалық кеңес төмендегідей қаулы етеді:

1. Топтарда ойын технологияларын жүйелі қолдану міндеттелсін.
2. Әр топта дидактикалық ойын бұрышы толықтырылсын.
3. Балалардың тілін дамыту жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
4. Заманауи педагогикалық технологияларды енгізу жалғастырылсын.
5. Ата-аналармен бірлескен ойын іс-шаралары ұйымдастырылсын.
6. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы: Ж.П Саменова

Хатшысы: М.К Дүйсенбаева